

Заңды тұлғаға өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін беру және оны жою ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 418 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 25 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2633. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 234 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 234 (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 92-бабын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қа у л ы е т е д і :

1. Заңды тұлғаға өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін беру және оны жою е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін к ү ш і н е е н е д і .

3. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының қызметі туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 22 тамыздағы N 131 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 388 тіркелген, 1997 жылғы қыркүйекте "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналында жарияланған, N 9);

2) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының қызметі туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 22 тамыздағы N 131 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2000 жылғы 23 наурыздағы N 69 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу

тізілімінде N 1115 тіркелген, 2000 жылғы мамырда "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналында жарияланған, N 5).

4. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға жіберсін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
"Заңды тұлғаға өзін-өзі реттейтін
ұйым мәртебесін беру және
оны жою ережесін бекіту туралы"
2003 жылғы 2 желтоқсандағы
N 418 қаулысымен бекітілген

Заңды тұлғаға өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін беру және оны жою ережесі

Осы Ереже "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 92-бабына сәйкес әзірленді және заңды тұлғаға өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін беру және оны жою тәртібін белгілейді.

1. Бағалы қағаздар рыногына реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) заңды тұлғаға осы заңды тұлғаның мүшелері болып табылатын, бағалы қағаздар рыногында қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыратын кәсіби қатысушылардың өтініші мен тізімінің негізінде өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін береді.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 407 қаулысымен .

2. Уәкілетті орган өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін беру үшін ұсынылған құжаттарды алынған сәттен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қарайды.

3. Уәкілетті орган құжаттар пакеті толық ұсынылмаған немесе олар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеген жағдайда заңды тұлғаға өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін беруден бас тартады.

4. Заңды тұлға Заңның 92-бабы 1-тармақтың талаптарына сәйкес келген кезде уәкілетті орган заңды тұлғаға өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін береді.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 407 қаулысымен .

5. Уәкілетті орган өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметі Заңның 92-бабының 1-тармақтың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда оның өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін жою туралы шешім қабылдауға құқылы.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 407 қаулысымен .

6. Уәкілетті орган заңды тұлғаның өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін жою туралы шешімді заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі туралы ақпарат алған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қабылдайды.

7. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.